

Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жатқызылған тауарларға қойылатын Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 19-бөліміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 162 шешімі

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 57-бабы 2-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 20-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген Санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жатқызылған тауарларға қойылатын Бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 19-бөлімі мынадай мазмұндағы 4.4-тармақпен толықтырылсын:

"4.4. Салқындататын сұйықтықтарда (ЕАЭО СЭҚ ТН коды 3820 00 000 0) метил спиртінің (массалық үлесі) 0,05% артық болуына жол берілмейді".

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық комиссияның Кеден одағының "Майлау материалдарына, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы" техникалық регламентіне (КО ТР 030/2012) салқындататын сұйықтықтарда (ЕАЭО СЭҚ ТН 3820 00 000 0 коды) метил спиртінің (массалық үлесі) 0,05% аспайтын деңгейде болу көрсеткішін белгілеу бөлігінде өзгерістер енгізу туралы шешімі күшіне енген күннен бастап, алайда Осы Шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

В. Христенко